- Приберіть робочу заготовку від полотна, перш ніж включити лобзикопилку.
- Повільно подавайте робочу заготовку до полотна, направляючи і натискаючи на заготовку у напрямку до столу.

7.3 Розпилювання під кутом




Рис. 9

- Стіл може бути повернений на кут від 0° до 45° для розпилення.
- Фіксуюча рукоятка (H) має бути ослаблена для установки кута.
- Поверніть стіл вліво, поки не досягнете бажаного кута на шкалі (G).
- Затягніть фіксуючу рукоятку перед початком роботи машини.




Рис. 10

8. Технічне обслуговування

Загальні вказівки

- Перед проведенням робіт по технічному обслуговуванню, очищенню та ремонту відключіть верстат від ел. мережі!
- Ремонтні і сервісні роботи з електрикою може проводити тільки кваліфікований електрик.
- Регулярно очищуйте верстат.
- Щодня перевіряйте справність функціонування системи видалення пилу.
- Усі захисні та охоронні пристосування мають бути встановлені назад, як тільки роботи по обслуговуванню, очищенню або ремонту завершені.
- Враховуйте, що стругальні ножі, обгумовані вали приводу руху заготовки, плоскі, поліклінові, клинові та інші реміні, а також ланцюги, використані в конструкції верстата, відносяться до швидкозношуваних деталей (витратні матеріали) і вимагають періодичної заміни. Гарантія на такі деталі не поширюється. Захисні кожухи, окремі деталі з пластика і алюмінію, використані в конструкції верстата, виконують запобіжні функції. Заміні по гарантії такі деталі не підлягають.
- Звертайтеся в сервісну службу по обслуговуванню клієнтів або відповідний спеціалізований магазин, якщо на верстаті, включаючи захисні пристосування і розпилювальні полотна, з'являться ушкодження або відхилення від нормальної роботи.

Очищення

- Регулярно очищуйте корпус машини за допомогою м'якої тканини, бажано це робити після кожного використання.
- Якщо бруд не відходить, використовуйте м'яку тканину, змочену в мильній воді. Ніколи не використовуйте розчинники, такі як бензин, алкоголь, розчин аміаку та ін. Ці розчинники можуть пошкодити пластикові деталі.

Змащування

- Змащуйте підшипники важеля після кожних 50 годин експлуатації.




Рис. 11

- Зніміть 4 кришки підшипників (B).
- Нанесіть велику кількість легкого мастила (SAE 20).
- Встановіть назад кришки підшипників.

9. Усунення несправностей

не запускається двигун

- немає електрики - перевірте живлення та запобіжники;
- несправний вимикач, двигун або шнур - проконсультуйтеся з електриком;
- зносилися щітки мотора - замініть щітки;

верстат занадто сильно вібрує

- верстат стоїть на нерівній поверхні - вирівняйте основу для верстата;
- пошкоджено розпилювальне полотно - негайно замініть розпилювальне полотно;
- не перпендикулярне розпилювання - неправильно встановлено обмежувач кута;
- погана поверхня розпилю - використовуйтеся невідходяще розпилювальне полотно;
- на розпилювальному полотні скупилася смола - тупе розпилювальне полотно, неоднорідність робочої заготовки.

10. Приладдя, що постачається

- Артикул 10000809 – комплект з 5 ріжучих полотен.

Құрметті сатып алушы,

JET маркалы құрылғыны сатып алу арқылы, бізге сенім артқандарыңызға көп рахмет!

Осы нұсқауды құрастыру барысында Сізге станокты тез игеру және станокпен қауіпсіз жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндігі болу үшін ерекше көңіл аударылды. Нұсқауды зерделеу және сақтаумен байланысты бірнеше ережелерге назар аударуыңызды сұраймыз.

- Қауіпсіздік техникасына ерекше назар аударып, зер салып және толығымен берілген нұсқауды зерттеңіз.
- Бұл нұсқау сипатталған станок тәріздес жабдықты ұстай білу базалық техникалық білімі мен дағдысы бар тұлғаларға көзделген. Егер Сіз мұндай жабдықтаумен ешқашан жұмыс істеп көрмесеңіз, тәжірибесі бар тұлғадан көмек сұрау қажет.
- Кейін қайта қарастыру мүмкіндігі болу үшін станокпен бірге жеткізілетін құжаттаманы түгелімен сақтаңыз. Сонымен қатар кепіл бойынша наразылықтарды көрсете алу үшін чекті де (сатып алу түбіртегін) сақтаңыз.
- Станокты қайта сату немесе жалға беру жағдайында қойылымға жататын құжаттаманы түгелдей станокпен бірге тапсырыңыз.
- Пайдалану нұсқауында келтірілген ережелерді сақтамағаннан пайда болатын кез-келген залал үшін өндіруші жауап бермейді.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
 2. Техникалық сипаттамалары
 3. Қойылым жиынтығы
 4. Қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер
 5. Станок сипаттамасы
 6. Тасымалдау және іске қосу
 7. Станок жұмысы
 8. Техникалық қызмет көрсету
 9. Ақауларды жою
 10. Жеткізілетін бөлшектер
- Бөлшектеу**
Бөлшектер тізімі

Нұсқауда маңызды мәліметке назар аудару үшін келесідей белгілер қолданылған:



Назар аударыңыз!
Қауіп туралы ескерту



Ескерту
Маңызды қосымша мәлімет



Жалпы ережелер
Барлық нұсқаулар мен ережелерді оқыңыз



1. Жалпы ережелер

- Станок ағаштан және ұқсас материалдардан, сонымен қатар полимерлі материалдардан жасалған өнімдерді аралауға арналған. Металл өнімдерін аралауға болмайды. Басқа материалдарды өңдеуге жол бергісіз, немесе компания өкілінен кеңес алғаннан кейін ғана өңдеу жүргізілуі мүмкін.
- Пайдалану нұсқауындағы қауіпсіздік техникасы ережелерімен және Сіздің еліңіздің ерекше ұйғарымдарымен қатар көпшілік мақұлдаған ағаш өңдеу станоктарымен жұмыс істеу ережелерін еске алу қажет.
- Пайдалану барысындағы осы ережелерден әр ауытқу бұрыс қолдану деп қарастырылады және соның нәтижесіндегі ақауларға өндіруші жауапты емес.
- Станокта ешқандай техникалық өзгерістер жүргізуге болмайды.
- Пайдаланушы ғана жауапты.
- Станок тек қана техникалық жарамды қалпында қолданылу керек. Станокпен жұмыс істеу барысында барлық қорғағыш құралдар мен қақпақшалар орнатылу керек.
- Біріктіруші қорғаныс автоматынан және электрқорек көзінен станокқа дейінгі біріктіруші кабель (немесе ұзартқыш) 3x1,5мм² көлемінен кем емес болу керек (мыстан жасалған, ұштарамды, әр тарам кесігі 1,5 мм² кем емес болуы дұрыс).
- Станокты оның жұмысымен және техникалық қызмет көрсетуімен таныс, мүмкін болатын қауіптерден ескертілген тұлғаларға рұқсат етіледі.
- Берілген станок жеке қолдануға арналған құрылғы болып келеді, яғни өзінің құрылымдық ерекшеліктері мен техникалық сипаттамасына қарай станок өндірісте қолдануға жарамайды.
- Егер Сіз орауын шешу барысында тасымалдау салдарынан болған ақауларды байқасаңыз, тез арада ол туралы Сіздің сатушыңызға хабарласыңыз.
- Станокты іске қоспаңыз!

2. Техникалық сипаттамалары

Қуат көзі кернеуі	220 В ~1L/N/ PE 50Гц
Қозғалтқыш қуаты	90 Вт
Тоқ	0,6 А
Ұзартқыш сым	H05VV-F3G1мм ²
Станоктың қорғаныс құрылғысы	10А
Төсем жылдамдығы	400-1600қозғ/мин
Аралату төсемінің ұзындығы, штифттік түр	127мм
Аралату төсемінің жүрсісі	15мм
Аралатуың макс.биіктігі 90°	50мм
Үстел көлемі	410x253мм
Үстел бұрылысы	0° /45° солға
Консоль	406 мм
Сорып шығару штуцерінің диаметрі	35мм
Габариттері (Ұ/Е/Б)	650x312x356мм
Массасы	15 кг

3. Қойылым жиынтығы

1. Қыл ара – 1д.
2. Жүздің мөлдір қорғанысы – 1д.
3. Желдеткіш – 1д.
4. Алты қырлы кілт 4мм – 1д.
5. Алты қырлы кілт 3мм – 1д.
6. 5 аралау төсемнен тұратын жиынтық
7. Пайдалану нұсқауы
8. Бөлшектер тізімі



Ескерту:

- Берілген нұсқаулықтың өзгешілігі жалпы мәлімет болып табылады.
- Өндіруші станок құрылымына өзгертулер енгізуге құқылы, бұл құрылғының техникалық сипаттамасының, стандартты жиынтығының, қосымша жабдықтар мен сыртқы түрінің өзгеруіне алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны іске қосу, орнату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын сатып алушы орындайды.

4. Қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер

- Қауіпсіздік техникасына өндірушімен берілген пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқауын ұстану жатады.
- Нұсқауды әрдайым ластан және ылғалдан қорғай отырып сақтаңыз, кейінгі пайдаланушыларға тапсырып отырыңыз.
- Күнделікті араны іске қоспай тұрып, қажетті қорғаныс құрылғыларының жұмыс істеу қабілеттілігін тексеріп тұрыңыз.
- Араның немесе қорғаныс құрылғыларының анықталған ақауларын уәкілетті мамандардың көмегімен тез жою керек.
- Мұндай кезде араны іске қоспаңыз, электр желісінен ажыратыңыз.
- Нұсқауларға сәйкес қажетті жеке қорғаныс құралдарымен қолданыңыз.
- Тығыз жабысып тұратын киім киіңіз, әшекейлерді, сақиналарды және қол сағаттарды шешіп тастаңыз.
- Егер шашыңыз ұзын болса, шашқа

арналған торқапшығын немесе бас киімді киіңіз.

- Аралау дискісімен жұмыс жасау үшін жұмыс қолғабын киіңіз.
- Жұмысты бастамас бұрын аралау төсемі тістерінің бағытының дұрыстығын тексеріңіз.
- Ұзын дайындамалармен жұмыс істеген кезде сәйкесінше үстел ұзартқыштарын, аунақша тіреулерін қолданыңыз.
- Жұмыс алдында дайындамадан шегелерді және басқа бөгде заттарды алып тастаңыз.
- Егер сөндіргішпен мәселелер туындаса, станокты қолданбаңыз.
- Үлкен дайындамаларды аралаған кезде сәйкес қосымша құралдарды тіреу үшін пайдаланыңыз.
- Жұмыс барысында барлық дайындамалар сенімді бекітіліп, олардың қауіпсіз қозғалыспен қамтылуын қадағалаңыз.
- Дайындаманың керіс соғуына жол бермеңіз.
- Домалақ дайындамаларды аралаған кезде дайындаманы айналып кетпеу үшін бекітіңіз.
- Дайындамалардың минималды және максималды өлшемі туралы ережелерді ұстану қажет.
- Аралап кесілген, бекітілген дайындамаларды тек өшірулі мотор мен аралау дискісінің толығымен тоқтаған кезінде ғана алып тастаңыз.
- Станокты дайындаманың бөлшектері мен жоңқалардан өшірулі тұрған кезде ғана тазартыңыз.
- Қосылып тұрған станокты қараусыз қалдырмаңыз, жұмыс орнынан кетер алдында оны үнемі өшіріп тастаңыз.
- Араға шамадан артық жұмыс артпаңыз, оның қуатына сай қолданыңыз.
- Қызмет көрсетуге және дайындамалар жіберуге жеткілікті орын қалатындай етіп, араны орнатыңыз.
- Араның тегіс бетте сенімді бекітілуін қадағалаңыз.
- Жұмыс орнын бөгде заттардан бос ұстаңыз.
- Жақсы жарықпен қамтамасыз етіңіз.
- Жанатын сұйықтықтар мен газдардың жанында станокпен пайдаланбаңыз.
- Өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын, мысалы, өрт сөндіргіштің жұмыс орнында болуын қадағалаңыз.
- Ылғалды бөлмеде арамен қолданбаңыз, жаңбырдың астында қалдырмаңыз.
- Шаңның көп мөлшерде жиналмауын қадағалаңыз – әрқашан сәйкесінше сору құрылғыларын қолданыңыз.

- Ағаш шаңы жарылыс қауіпі бар және денсаулыққа зияны бар болуы мүмкін.
- Станоктың электр жұмыстары тек электршімен жүргізілуі керек.
- Электрөткізгіш сым жұмыс үрдісіне кедергі жасамауын және оған ешкім шалыныспайтынын қадағалаңыз.
- Ұзартқыш кабельді әрдайым барабаннан толығымен тарқатыңыз.
- Бұзылған желілік кабельді дереу ауыстырыңыз.
- Барлық орнату, реттеу, тазалау жұмыстары тек станок желіден сөндірілгеннен кейін ғана жүргізілуі тиіс.
- Бұзылған аралау төсемдерін дереу ауыстырыңыз.



4.1 Назар аударыңыз: қауіпті

Араны дұрыс пайдаланғанның өзінде де төменде көрсетілген қауіптер төнуі мүмкін.

- Дайындамалардың ұшып түскен бөлшектерімен жаралану қауіпі
- Шу мен шаңнан болатын қауіп-қатер. Міндетті түрде жеке қорғаныс құралдарын киіңіз (көз, құлақ және тыныс алу жолдарын қорғау). Сору құралдарын қоданыңыз!
- Кабельдің дұрыс орнатылмауынан электр тоғымен зақымдану қауіпі.


4.2 Шу деңгейі

Мәндерді EN1807:1999 стандартына сәйкес анықтайды (өлшеудің ауытқу коэффициенті 4дБ).

- Дыбыс қуатының деңгейі (EN3746 бойынша): бос жүріс – 79,2дБ (А)
- Дыбыстың қысым деңгейі (EN11202 бойынша): бос жүріс – 72,1 дБ (А)


Келтірілген мәндер дыбыс шығару деңгейіне жатады және қауіпсіз жұмыс үшін қажет деңгейі болып табылмайды. Бұл ақпарат пайдаланушыға станокты пайдаланумен байланысты қауіп-қатерлерді жетерліктей бағалау үшін беріледі.

5. Станок сипаттамасы



Сур. 1

- A – аралау төсемінің тартылыс қолсабы
- B – мойынтіректердің қақпақшалары
- C – үстел
- D – жоңқалар желдеткіші
- E – аралау төсемдері мен кілттерді сақтауға арналған орын
- F – орнатушы саңылаулар
- G – қиғаш бұрышты шкала
- H – бұрыштың орнықтырушы қолсабы
- I – төменгі жүздің ұстағышы
- J – жүздің мөлдір қорғанысы
- K – жүз қорғанысының орнықтырушы қолсабы



Сур. 2

- L – Төсемнің жоғарғы қысқышы
- M – үстел ендіргіші
- N – шаң кетіруге арналған байланыстыру порты
- O – қосу/сөндіру батырма
- P – жылдамдық өзгеруін реттегіш
- Q – 90° жағдайына арналған үстелдің реттегіш винті

6. Тасымалдау және іске қосу

6.1. Тасымалдау және орнату

- Ара жабық бөлмеде пайдалануға арналған, беті тегіс және жүктемеге шыдай алатын жерге орналастырылу керек. Қажет жағдайда араны орнатылатын жерге қатты бұрап тастауға болады.

- Оралымның ыңғайлылығы үшін ара толық жинақталмай жеткізіледі.


6.2 Құрастыру

Жалпы ережелер

- Жинақтап-баптау жұмыстарын жүргізер алдында станокты электр желісінен ажыратыңыз!
- Жұмсақ еріткіштер арқылы тотты алдын-алуға арналған майды алып тастаңыз.
- Станокты тегіс жерге орнатыңыз.

Жоңқалар желдеткішін орнату

- Жоңқалар желдеткішін орнатып (D, сур. 3), оны аралау аймағына қарай бағыттаңыз.




Сур. 3

- Жоңқалар желдеткіші аралау аймағының тазалығын сақтайды.

Төсемнің мөлдір қорғанысын орнату

- Төсемнің мөлдір қорғанысын (J) тік бағыттаушы штифтке орнатыңыз



Сур. 4

Шаңды кетіруге арналған құралды орнату


- Станоктың шаң кетіруге арналған 35 мм саңылауы (N) бар, ол жерге шаңсорғышты қосуға болады

Аралау төсемін ауыстыру


- Станокқа қалыпты шеттермен және штифттарға бекітілетін арнайы шеттері

бар аралау төсемдерін орнатуға болады.

- Орнатудың алдында аралау төсемдерінің ақаулары (жарықтар, сынған тістер, майысулар) бар-жоғын тексеріңіз. Бүлінген аралау төсемдерін қолданбаңыз.
- Аралау төсемінің тістері аралау бағытына (төмен қарай) бағытталу қажет.
- Жүздің мөлдір қорғанысын ашыңыз.
- Үстел ендімесін алып тастаңыз (M)
- Аралау төсемінің тартылысын азайтыңыз.
- Төсемнің тартылысын жылдам түсіретін қолсап (A) Сізге жүзді тез және оңай ауыстыруға мүмкіндік береді. (сур. 5).




Сур. 5



Сур. 6


- Жоғарғы жүз ұстағышының винтін (L) (сур. 6) және төменгі жүз ұстағышының винтін (I) (сур.7) босатыңыз



Сур. 7

Ара жүзін ауыстыру

- Жүз тістері аралау бағытында (төмен қарай) орналасу керек.
- Кесетін төсемнің тартылысын ауыстыру үшін тартылыс қолсабын бұрау қажет.



Сур. 8

- Тартылысты арттыру үшін қолсапты сағат тілінің бағытымен бұрыңыз.
- Үстел ендімесі мен жүздің мөлдір қорғанысын қайтадан орнына қойыңыз.



Ескерту:

- Станок жұмысы кезінде төсем қорғанысы үнемі жұмыс дайындама-сына түсіп тұру керек

Мотордың электрқылшақтарын ауыстыру

- 40 сағаттық жұмыстан кейін қылшақтар жағдайын бақылаңыз. Қылшақтар ұзындығы 3мм-ден кем болғанда оны ауыстыру керек. Көмір қылшақтары тез тозатын бөлшектерге жатады және оған JET компаниясының кепілдік міндеттемелері жүрмейді. Тапсырыс артикулы JSS16-083.
- Станокты қуат көзінен ажыратыңыз, розеткадан ажыратыңыз.
- Қылшақтардың қаптамаларын шешіңіз.
- Электрқылшақтарды ауыстырыңыз (бөлшек номері Jet: JSS16-083, 2 данасы қажет).
- Қылшақтардың қаптамаларын қайтадан орнына қойыңыз.

Электр қуатына қосылу

- Желіге қосылу, сонымен қатар қолданылатын ұзартқыштар техникалық талаптарға сай болу керек.
- Желі кернеуі және жиілігі мотор тақтайшасында көрсетілген жұмыс параметрлеріне сай болу керек.
- Электр қуатына қосылудың 10A сақтандырғышы болу керек.
- Электр жабдығының қосылу және жөндеу жұмыстарын тек білікті электршілерге жүргізуге рұқсат етіледі.

6.3 Іске қосу

- Станокты қосу/сөндіру батырмасы арқылы іске қоса аласыз.
- Қондырғының әр түрлі материалдарды аралау үшін минутына 400-1600 қозғалысқа дейін жететін ауыспалы жылдамдығы бар.
- Жылдамдықты ауыстырғыш (P) арқылы аралау жылдамдығын таңдауға болады.

7. Станок жұмысы



Назар аударыңыз!

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды әрқашан есте сақтап, қолданыстағы ережелерді ұстаныңыз.

- Аралаудың алдында араның мөлдір қорғанысы жұмыс дайындамасына түсіп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Жұмысты бастамай тұрып, ара төсемінің жағдайын үнемі тексеріңіз. Тек қана өткір және бүлінбеген аралау дискісімен жұмыс істеміз.


7.1 Дұрыс жұмыс күйі

- Станоктың алдында аралау сызығының (қауіпті аймақ) ар жағында.

7.2 Жұмыс барысында дайындамамен айналысу

- Қолданыста қиын жұмыс дайындамалары үшін сәйкесінше жалғамалы үстел мен тіреуіштерді қолданыңыз.
- Ешуақытта тым ұсақ дайындамаларды араламаңыз.
- Қыл араны қосар алдында жұмыс дайындамасын төсемнен алып тастаңыз.
- Жұмыс дайындамасын үстел жаққа бағыттап және басыңқырап, төсемеге баяу жіберіңіз.


7.3 Бұрыш астында аралау



Сур. 9

- Үстел аралау үшін 0о-тан 45о-қа дейін бұрыш астында орнатылуы мүмкін.
- Бұрышты орнату үшін орнықтырушы қолсап (Н) босатылу керек.
- Қалаған бұрышқа шкаладан (G) жетпегенше үстелді солға қарай бұрыңыз.

- Қондырғымен жұмысын бастамай жатып, орнықтырушы қолсапты бұрап тастаңыз.



Сур. 10

8. Техникалық қызмет көрсету

Жалпы ережелер

- Техникалық қызмет көрсету мен тазартудан бұрын, станокты электр желісінен ажыратыңыз.
- Электр құрылымын іске қосу және жөндеу жұмыстарын тек білікті элетршілерге жүргізуге рұқсат етіледі.
- Үнемі станокты тазалап тұрыңыз.
- Шаң жинау жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін күнделікті тексеріңіз.
- Қызмет көрсету, тазалау немесе жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін барлық қорғағыш және сақтандыру құралдары орындарына қайта орнатылу керек.
- Сүргілеу пышақтары, дайындама қозғалысы жетегінің резеңкелі біліктері, сонымен қатар станок құрылымында қолданылатын шынжырлар тез тозатын тетіктерге (жұмсалатын материалдар) жатады және мерзімді ауыстыруды талап етеді. Ондай тетіктерге кепіл берілмейді. Станок құрылымында қолданылатын қаптама қорғаныстары, пластикан және алюминийден жасалған бөлшектер қауіпсіздендіру міндетін атқарады. Сондай бөлшектер кепіл бойынша ауыстыруға жатпайды.
- Егер станок жұмыстары нормалардан аутқи бастаса, міндетті түрде клиенттерге сервистік қызмет көрсету орталықтарына немесе арнайы дүкендерге барыңыз.


Тазарту

- Қондырғы корпусы жұмсақ шүберекпен үнемі тазалану керек, әр қолданыстан кейін жасаған жөн.
- Егер кір кетпесе, сабынды ерітіндіде суланған жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Ешуақытта бензин, алкоголь, аммиак ерітіндісі және оларға ұқсас басқа да еріткіштерді қолданбаңыз. Олар пластикалық

бөлшектерді бүлдіруі мүмкін.

Майлау

- Иінтірек мойынтірегін әр 50 сағат пайдаланғаннан кейін майлаңыз.



Сур. 11

- Мойынтіректердің төрт қақпақшасын (B) шешіңіз.
- Жеңіл майлауды көп мөлшерде жағыңыз. (SAE 20).
- Мойынтіректердің қақпақшаларын орнына қойыңыз.

9. Ақауларды жою

Мотор істемейді

- Тоқ жоқ – байланыстыратын өткізгіш сымдар мен тежегішті тексеріңіз;
- Мотор, сөндіргіш немесе кабель кемістігі – электршімен кеңесіңіз;
- Мотор қылшақтары ескірді – қылшақтарды ауыстырыңыз;

Станок өте қатты тербеледі

- Станок тегіс емес жерде тұр – станок негізін түзетіңіз;
- Аралау төсемі бүлінген – аралау төсемін дереу ауыстырыңыз;
- Аралау бұрышы перпендикуляр емес – бұрыш бөгеткіші дұрыс орнатылмаған;
- Аралау беті нашар – сәйкес келмейтін аралау төсемі қолданылады;
- Аралау төсемінде шайыр жиналып қалған – аралау төсемінің өткір болмау, дайындама бірыңғай емес.

10. Жеткізілетін жабдықтар

- Артикул 10000809 – 5 кесетін төсемнен тұратын жиын.

Список деталей JSS-16

Перелік деталей JSS-16 / JSS-16 бөлшектерінің тізімі

№	Артикул	Обозначение	Позначення	Белгі	Кол-во/ Кількість/ Саны	Кол-во / Кількість / Саны
1	JSS16-001	Болт	Болт	Бұрандама	ST4.2X10	1
2	JSS16-002	Шнур электропитания	Шнур електроживлення	Электржелісінің сымы	230V	1
	JSS16-002U	Шнур электропитания	Шнур електроживлення	Электржелісінің сымы	230V-UK	1
3	JSS16-003	Шайба	Шайба	Тығырық	6	4
4	JSS16-004	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M6	1
5	JSS16-005	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M5	2
6	JSS16-006	крышка	Кришка	Қақпақша		1
7	JSS16-007	Шайба	Шайба	Тығырық	8	4
8	JSS16-008	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M8X25	4
9	JSS16-009	Основание	Основа	Негіз		1
10	JSS16-010	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M6X20	4
11	JSS16-011	Консоль	Консоль	Консоль		1
12	JSS16-012	Опора стола	Опора столу	Үстел тіреуі		1
13	JSS16-013	Индикатор	Индикатор	Индикатор		1
14	JSS16-014	Болт	Болт	Бұрандама	M6X12	1
15	JSS16-015	Крепёжная скоба	Кріпильна скоба	Бекітуші қапсырма		1
16	JSS16-016	Шайба	Шайба	Тығырық	5	2
17	JSS16-017	Пружина	Пружина	Серіппе		1
18	JSS16-018	Плоская шайба	Пласка шайба	Тегіс тығырық	6	2
19	JSS16-019	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M6X40	1
20	JSS16-020	Пружина	Пружина	Серіппе		1
21	JSS16-021	Болт для регулировки натяжения	Болт для регулювання натягнення	Тартылысты реттегіш бұрандама		1
22	JSS16-022	Качающийся рычаг (снизу)	Важіль (знизу), що коливається	Тербелетін иінтірек (төмендегі)		1
23	JSS16-023	Шайба	Шайба	Тығырық	4	2
24	JSS16-024	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M4X10	2
25	JSS16-025	Опорный фланец	Опорний фланець	Тірейтін ернемек		4
26	JSS16-026	Болт	Болт	Бұрандама	M5X6	2
27	JSS16-027	Болт с круглой головкой	Болт з круглою голівкою	Дөңгелек басты шеге	M6X25	2
28	JSS16-028	Фиксатор	Фіксатор	Бекітуші		2
29	JSS16-029	Качающийся рычаг (сверху)	Важіль (згори), що коливається	Тербелетін иінтірек (жоғарыдағы)		1
30	JSS16-030	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M5	2
31	JSS16-031	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M5X20	2
32	JSS16-032	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек		1
33	JSS16-033	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек		1
34	JSS16-034	Соединительная деталь	Сполучна деталь	Байланыстыратын бөлшек		1
35	JSS16-035	Универсальный гаечный ключ	Універсальний гайковий ключ	Әмбебап сомын кілті		1
36	JSS16-036	Зажим	Затиск	Қысқыш		1
37	JSS16-037	Приспособление для крепления пильного полотна	Пристосування для кріплення розпилювального полотна	Аралату төсемін бекіту құралы		2
38	JSS16-038	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	5X25	2
39	JSS16-039	Шайба	Шайба	Тығырық		
40	JSS16-040	Крепёжная планка	Кріпильна планка	Бекітетін тақтайша		2
41	JSS16-041	Болт	Болт	Бұрандама	M5X25	2

42	JSS16-042	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M4X16	2
43	JSS16-043	Вставка стола	Вставка столу	Үстел ендімесі		1
44	JSS16-044	Маховичок	Маховичок	Тегершік		1
45	JSS16-045	Ленточное полотно	Стрічкове полотно	Ленталы төсем		1
46	JSS16-046	Болт	Болт	Бұрандама	M4X16	4
47	JSS16-047	Прижим	Притиск	Қысқыш		1
48	JSS16-048	Болт	Болт	Бұрандама		2
49	JSS16-049	Плоская шайба	Пласка шайба	Тегіс тығырық	6	2
50	JSS16-050	Крышка переключателя	Кришка перемикача	Ауыстырғыш қақпақшасы		1
51	JSS16-051	Двигатель	Двигун	Қозғалтқыш	230V	1
52	JSS16-052	Эксцентрик	Эксцентрик	Эксцентрик		1
53	JSS16-053	Стол	Стіл	Үстел		1
54	JSS16-054	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M6X35	2
55	JSS16-055	Полихлорвиниловая трубка	Поліхлорвінілова трубка	Полихлорвинил түтікшесі		1
56	JSS16-056	Опорный шток	Опорний шток	Тіреуіш шток		1
57	JSS16-057	Крепление гофрированной трубки	Кріплення гофрованої трубки	Гофрленген түтікшенің бекітілуі		1
58	JSS16-058	Гофрированная трубка	Гофрована трубка	Гофрленген түтікше		1
59	JSS16-059	Зубчатая шайба	Зубчаста шайба	Тісті тығырық	4	4
60	JSS16-060	Установочный винт	Установочний гвинт	Орнатушы винт	M8X8	1
61	JSS16-061	Болт	Болт	Бұрандама	ST4.2X8	1
62	JSS16-062	Низкая гайка	Низька гайка	Төмен сомын	M10	1
63	JSS16-063	Схемная плата	Схемна плата	Схемалық плата	230V	1
64	JSS16-064	Болт	Болт	Бұрандама	M4X6	2
65	JSS16-065	Болт	Болт	Бұрандама	M5X35	2
66	JSS16-066	Болт	Болт	Бұрандама	M5X30	2
67	JSS16-067	Корпус вентилятора	Корпус вентилятора	Желдеткіш корпусы		1
68	JSS16-068	Маховичок	Маховичок	Тегершік		1
69	JSS16-069	Роликовая направляющая	Роликова напрямна	Аунақшалы бағыттауыш		1
70	JSS16-070	Крепёжная пластина	Кріпильна пластина	Бекітетін тілімше		1
71	JSS16-071	Корпус переключателя	Корпус перемикача	Ауыстырғыш корпусы		1
72	JSS16-072	Сетевой выключатель	Мережевий вимикач	Желілік сөндіргіш	230V	1
73	JSS16-073	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M5	2
74	JSS16-074	Болт	Болт	Бұрандама	ST4.2X13	4
75	JSS16-075	Крышка сигнальной пластины	Кришка сигнальної пластины	Дабыл тілімшенің қақпағы		1
76	JSS16-076	Универсальный гаечный ключ	Універсальний гайковий ключ	Әмбебап сомын кілті	3MM	1
77	JSS16-077	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M4X16	2
78	JSS16-078	Пильное полотно	Розпилювальне полотно	Аралау төсемі		1
79	JSS16-079	Плоская шайба	Пласка шайба	Тегіс тығырық	5MM	2
80	JSS16-080	Болт	Болт	Бұрандама	M5X8	2
81	JSS16-081	Переключатель скорости	Перемикач швидкості	Жылдамдықты ауыстырғыш		1
82	JSS16-082	Резистор	Резистор	Резистор		1
83	JSS16-083	Щётка	Щітка	Қылшақ		2
84	JSS16-084	Крепление щётки	Кріплення щітки	Қылшақтың бекітілуі		2
85	JSS16-085	Шайба	Шайба	Тығырық	M10	1
86	JSS16-086	Корпус пильного полотна	Корпус розпилювального полотна	Аралау төсемінің корпусы		1
87	JSS16-087	Шайба	Шайба	Тығырық	5	1
88	JSS16-088	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілтке келетін бұрандама	M5x10	1
89	JSS16-089	Прижим в сборе (47,87, 88)	Притиск у зборі (47,87, 88)	Жинақталған қысқыш		1



JPW Tools AG
Tämperlistrasse 5, CH-8117
Fällanden, Switzerland
www.jettools.com

ОФИЦИАЛЬНЫЙ ДИЛЕР В УКРАИНЕ:

storgom.ua

ГРАФИК РАБОТЫ:

Пн. – Пт.: с 8:30 по 18:30

Сб.: с 09:00 по 16:00

Вс.: с 10:00 по 16:00

КОНТАКТЫ:

+38 (044) 360-46-77

+38 (066) 77-395-77

+38 (097) 77-236-77

+38 (093) 360-46-77

Детальное описание товара: <https://storgom.ua/product/lobzikovyj-standok-jet-jss-16e.html>

Другие товары: <https://storgom.ua/lobzikovye-standki.html>